



ОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ МИНИСТРМЕН КЕЗДЕСУІ

2024 жылдың 12 ақпанында ҚР Сәулетшілер одағы мүшелерінің ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі (ӨҚМ) Қ.Б.Шарлапаевпен Қала құрылысы кодексіні талқылау жөнінде жұмыс кездесуі өтті. Сәулетшілер одағынан Одақтың бірінші вице-президенті – Ғ.С.Садырбаев, Одақтың Астана қ. бойынша вице-президенті – Рүстембеков С. И., Т.Бәсенов ат. Сәулет және құрылыс институтының директоры – Құспанғалиев Б.О., Мемлекеттік сыйлық лауреаты – С.С. Жамболатов, Одақ Басқармасының мүшелері – Мәметов А.А., Ережепов Б.Б., ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі – Тоскин В.Ф., Халықаралық сәулет академиясының профессоры, – Кенжетәев А.А., ҚР Құрметті сәулетшісі – Жарылғанов Т.Ә. қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа жолдауында ҚР Үкіметіне түбегейлі жаңа құжат – Қала құрылысы кодексіні әзірлеуді тапсырды. Оның орнына Министрлік Құрылыс кодексінің жобасын әзірледі. Кодексті әзірлеушілер Кодекс атауы мен мазмұнын өзгерту жөнінде негіздемені шығармашылық одаққа, сарапшы қауымдастық пен ҚР «Атамекен» ҰКП ұсынбағанын атап өту керек.

Жұмыс тобына қатысушылар министрге Қала құрылысы кодексінің қандай болуы, жаңа нормативтік құжаттың мазмұны жөнінде пікірлерін айтты, кәсіби және шығармашылық жұмысының күрделі мәселелері, қалаларды салу мәселесінде сәулетшілердің мәртебесін арттыру, қала құрылысы қызметіне барлық қатысушылардың өз жұмыстарының нәтижесіне жауапкершілігін арттыру жөнінде ұсыныстарын алға тастады. Министр қоғамдық ұйым және кәсіби бірлестіктермен өзара ынтымақтастықтың ел аумағының тұрақты және кешенді дамыту бойынша мемлекеттің министрлік алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуде маңызын атап өтіп, ҚР Сәулетшілер одағының мүшелерін Кодексті талқылау бойынша белсенді ұстанымы үшін алғыс білдіріп, мемлекеттік органдардың шығармашылық одақтармен өзара тығыз әрекеттесуі қажеттілігін атап өтті. ҚР Сәулетшілер одағының мүшелері аталған кездесулердің сәулет және қала құрылысы қызметіндегі өзекті мәселелерді шешу үшін маңызды екенін айтты.



АЙТІЛЕУ ЖАНАТ ӘБДІҚАЛЫҚҰЛЫ 70 ЖАСТА



ҚР сәулетшілер одағы ҚР Құрметті сәулетшісі, Одақтың Басқарма мүшесі, ХСАМ профессоры Айтілеу Жанат Әбдіқалықұлын 70 жас мерейтойымен құттықтайды!

Ленин ат. Қазақ Политехникалық институтын тәмамдағаннан кейін (1976) Жанат Әбдіқалықұлы еңбек жолын "Казграждансельпроект" институтында бастады. Әр жылдары Алматы қ. Сәулет және қала құрылысы департаментінде сәулетші, Алматы қ. бас сәулетшісінің орынбасары, Алматы қ. Сәулет және қала құрылысы басқар-

масы басшысының м.а. қызметін атқарды. 2017 жылдың маусым айынан бастап «Алматыбасжоспар» ҒЗИ директор орынбасары, бас кеңесші, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер шеберханасының жетекшісі болып жұмыс істейді. Жанат Әбдіқалықұлы ұзақ жылғы шығармашылық жолында бірқатар мемлекеттік марапаттармен (ҚР Тәуелсіздігі күніне, ҚР Конституциясы мен Астана қ. мерейтойына орай медальдарымен сондай-ақ «Құрмет» орденімен) марапатталған. Құрметті Жанат Әбдіқалықұлы, Сіз бар тәжірибеңіз бен талантыңызды сәулет өнерінің дамуына барыңызды салдыңыз. Біз Сіздің жұмысыңызда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектескен күш-қуатыңызды, кәсібилігіңіз бен іске деген адалдығыңызды, әріптестеріңіздің құрметі мен барлық кәсіби де адами қасиеттеріңізде Сізге қарап бой түзеуге ұмтылысын жоғары бағалаймыз. Сізге жұмысыңызда табыс және сәулет өнері жолында жаңа жетістіктерге жете беруіңізге тілектеспіз!

А.МЫРЗАЛИЕВАНЫҢ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

2024 жылдың 13 ақпанында KAZGOR-да ландшафт сәулетшісі Мырзалиева Ақботаның шеберлік сабағы өтті. Шеберлік сабақтың тақырыбы «Сәулетшілер ландшафттық жобалардағы жұмысты қалай жақсарт алады». Ұйымдастырушылар: Қазақстанның Сәулетшілер одағы мен KAZGOR жобалау академиясы. Спикер Қазақстандағы ландшафттық жобалаудың қазіргі хал-ахуалына, отырғызылатын көшеттік, аталған салаға жұмсалатын шығынның орнының өтелуіне қатысты мәселелерге тоқталды. Дәріс тыңдаушылар көгалдандыру туралы көп пайдалы мәлімет алды. Ақбота Мырзалиева сәулетшілер мен бір-бірімен байланысты сала мамандарына Қазақстанның әр түрлі қалаларының климатына көгалдандырудың қандай түрлері мен типтерін қолдануға болатындығын, жаңа толқын гүлзарларының не екенін, отырғызу технологиялары мен ағаш-гүлдердің тамыр жүйесі мен т.б. мәселелерді түсіндіріп берді. Спикер дәріс соңында қонақтарды қызықтырған сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап берді. Іс-шарадан кейін ұйымдастырушылар А.Мырзалиеваға «Tree Houses» атты құнды кітапты сыйға тартты.



ОДАҚТЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ ТІРКЕЛДІ

2024 жылдың 31 қаңтарында ҚР әділет органдарында Абай облысы бойынша «Сәулетшілер одағы» РҚБ филиалы тіркелді. Жаңа филиал находится по адресу: г. Семей қаласы, Абай көшесі 116 мекенжайында орналасқан.

Филиал төрағасы: Бәкіров Асхат Бәкірұлы, байланыс нөмірі: +7 701 499 94 44. Филиал мүшелерінің саны: 15 адам

Бәкіров Асхат Бәкірұлына жаңа филиалды тіркегені үшін алғыс білдіреміз!



APS ENGINEERING КОМПАНИЯСЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

2024 жылдың 28 ақпанында ҚР Сәулетшілер одағы мен KAZGOR ЖА қолдауымен Қазақстан, Қырғызстан мен Ресейден 70-тен аса тыңдарман қатысқан ТОО «APS Engineering» компаниясы «Құрылыстағы жаңа технологиялар» атты халықаралық онлайн-семинар өткізді.

Семинарда Франция, Италия мен Данияның жетекші сарапшылары тоқыма сәулеті, балалардың ойнауына арналған жабдыққа қатысты баяндама жасады: Françoise Fournier Dereli Serge Ferrari қоры туралы презентация; Izabela Duchnowska Serge Ferrari корпоративтік презентациясын; Alper Yurt Serge Ferrari тоқыма сәулеті, Шатыр мен Қасбеттер; Jarosław Malczewski Күннен қорғау жүйелері; Leonardo Pagliaro Жиһаз; Jesper Møller ойын және спорт жабдығын өндіретін әлемдегі көшбасшы Компан компаниясы, оның тарихы, бірегей бәсекелес ерекшеліктері, экологиялық жауапкершілігі туралы презентация; Clément Rabourdin Джинсалы сәулет; Қарабаева Зәуре Сұлтанқызы (ҚР) Қазақстандағы тоқыма сәулеті туралы презентацияларын ұсынды.

Сөз сөйлеушілердің презентацияларында келесі тақырыптар қамтылған:

- шабыт пен клиенттің қажеттері;
 - бүрмеленген геометрияны сызу;
 - матаны тартып ілу технологиясын қолдану;
 - бетон, ағаш және матадан жасалған объектіде тұрақты жұмыс істеу;
 - техникалық жаңалық түріндегі көркем шығармашылық.
- Семинар соңында қатысушылар арасында пайдалы сәулет жөнінде кітаптар ойнатылған ұтыс ойыны жүргізілді.



Экстерьерлерде, жабын түріндегі сәулет пен күннен қорғауда қолданылатын инновациялық композитті маталар

ХАБАРЛАНДЫРУ:

2024 жылдың 3 сәуірінде Алматы қаласында Тоқыма Сәулеті бойынша екі күндік шеберлік сабағы өтеді. Онда қатысушылар жабын құрастырмаларды компьютердің көмегімен пішіндеу қағидаларымен таныса алады. Шеберлік-сабаққа +7 705 218 88 78 (Жанар Әбделдинова) телефоны бойынша тіркелу қажет..